


# Дәріс № 6

## Соғыстан кейінгі Сталиндік кезеңдегі Қазақстан



# Дәрістің жоспары

1. Соғыстан кейінгі жылдардағы ахуал. Елді бейбіт құрылысқа бейімдеу ерекшеліктері мен қиындықтары.
  2. Соғыстан кейінгі ауыл шаруашылығындағы өзгерістер мен оның әміршіл-әкімшіл сипаттары.
  3. Қоғамдық өмірдегі қарама-қайшылықтар. Білім, ғылым және мәдениет саласындағы өзгерістер.
- 

## Төртінші бесжылдық (1946-1950 жж.) жоспары:

1. Демобилизация (8 млн.500мың)
2. Бүлінген шаруашылықты қалпына келтіру;
3. Халықтың материалдық қажеттерін қанағаттандыру;
4. Халық шаруашылығы мен мәдениетін дамыту;
5. Қаржыны көбейту;
6. Еңбек мектептерінің санын арттыру

# Соғыстан зардар шеккен аудандарға көмек:

- 500 трактор;
- 140 паровоз;
- 17,5 мың ірі қара;
- 22 мың жылқы;
- 350 мың қой;
- Азық-түлік керуендері жіберілді

# Қазақстандағы IV бесжылдық құрылыстары

Жеңіл өнеркәсіп:

- Қызылорда тігін фабрикасы;
- Жамбыл, Павлодар, тері зауыттары.

Теміржол салу:

- Мойынты-Шу;
- Жамбыл-Шолақтау

Байланыс ісі:

- 1949 ж. Алматы автоматты телефон стансасы;

Жұмысшылар саны: 1945 ж. 1,044 млн., 1950 ж. 1,400 млн. адамға жетті.

# Қазақстандағы IV бесжылдық құрылыстары

- Теміртауда 2 мартен пеші;
- Ақтөбе ферроқорытпа зауытының 3-кезегі;
- Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты;
- Маңғыстау мұнай бұрғылары салынды.

Көмір – 2,5 есе;

Мұнай – 1,5 есе;

Газ – 1,9 есе;

Электр қуаты 4,1 есе артты

# Ауыл шаруашылығы

- 1946 ж. 16 қыркүйек. Ауыл шаруашылығындағы ауыр жағдайды жою туралы Қаулы.
1. Машина-трактор стансаларын көбейту:
    - 50683 трактор,
    - 16 мың комбайн;
    - 10 мыңнан астам автомашина
  2. Колхоздарды ірілендіру.
    - 8 мыңдай колхоздан 3670 колхоз қалды.
  3. Селоны жаппай электрлендіру:
    - 1948 ж. 752 колхоз;
    - 317 МТС;
    - 164 совхоз;
    - 193 аудан орталығы электрленді.

# Нәтижелер:

- Егіс көлемі бір миллион гектардан аса ұлғайды;
- Ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығы артты.
- 1950 жылы астықтың жалпы түсімі 47654 центнерге жетті;
- Малдың жалпы саны өсті:
- ірі қара мал 27 %;
- қой мен ешкі 70 %;
- жылқы 71% -ға көбейді.



# Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер:

- 1947 ж.карточка жүйесінің жойылуы;
- 1947 ж. Ақша реформасы;
- 4-бесжылдықта баға үш рет арзандады;



# Социально-экономические факторы

- Денежная реформа 1947 года, отмена карточной системы

УССР Сталинская область Апрель 1947 г.		УССР Сталинская область Апрель 1947 г.	
КАРТОЧКА НА ХЛЕБ		КАРТОЧКА НА ХЛЕБ	
норма 800 г в день		норма 800 г в день	
Ф.и.о.		Ф.и.о.	
При утере не возобновл.		При утере не возобновл.	
апрель 10	апрель 10	апрель 20	апрель 20
пятьсот ХЛЕБ	триста ХЛЕБ	пятьсот ХЛЕБ	триста ХЛЕБ
апрель 9	апрель 9	апрель 19	апрель 19
пятьсот ХЛЕБ	триста ХЛЕБ	пятьсот ХЛЕБ	триста ХЛЕБ
апрель 8	апрель 8	апрель 18	апрель 18
пятьсот ХЛЕБ	триста ХЛЕБ	пятьсот ХЛЕБ	триста ХЛЕБ
апрель 7	апрель 7	апрель 17	апрель 17
пятьсот ХЛЕБ	триста ХЛЕБ	пятьсот ХЛЕБ	триста ХЛЕБ

Продуктовая  
карточка  
образца 1947 года



Денежные знаки образца 1947 года

# Әлеуметтік-экономикалық

## өзгерістер:

- Соғыс мүгедектеріне, соғыста қаза тапқандардың отбасына әлеуметтік көмек көрсетілді;
- Жасы ұлғайғандарға, асыраушысы қайтыс болғандарға және уақытша еңбекке жарамай қалғандарға зейнетақы тағайындалды;
- Көп балалы және жалғыз басты аналарға жәрдемақы белгіленді;
- Шипажайлар, демалыс үйлеріне, балалар лагерьлеріне жолдамалар берілді;
- Кезектен тыс жұмыс істеуге тыйым салынып, ақылы демалыс алу қалпына келтірілді;
- Тұрғын үй салу қарқыны арттырылды.

# Қиындықтар:

- Жоспардың артық мөлшерде белгіленуі;
- Еңбеккүн мөлшері азайды;
- Колхозшыларға төлқұжаттар берілмеді, олар ауылдық кеңестерде ғана тіркелді;
- Техниканың басым бөлігі ескірді;
- Еңбекке жарамдылар санының аз болуы;
- Жұмысшылар жалақысы тек 1,5 есе ғана өсті;
- Колхозшы жұмысшыларға қарағанда 4 есе аз жалақы алды;
- Мемлекеттік заимдарға күштеп жаздыру;
- Тауарлар бар, бірақ ақша жоқ;
- “Социализм жауларымен” күрестің артуы

# Қоғамдық-саяси өмір

- Жеке басқа табынудың өрістеуі;
- Коммунистік партияның жеке-дара билігі;
- Басты мақсат – социализмнене коммунизмге өту;
- Қуғын-сүргіннің жалғасуы:
  - Әскери тұтқындар;
  - Оккупациялық аймақта тұрғандар;
  - Депортацияланған халықтар;
  - Дәрігерлер ісі

- 1947 жылы «Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателіктер туралы» қаулысы шықты.
- «ҚызЖібек», «Ер Тарғын», «Қобыланды», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ақан сері-Ақтоқты» пьесаларында идеялық кемшіліктер бар, сондықтан қайта өңдеу керек деп шешім қабылданды
- Базар, Мұрат, Шортанбай, С. Торайғыров және басқа төңкерістен бұрынғы қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармалары буржуазиялық-ұлтшылдық, феодалдық-реакциялық сарында жазылған делінді.
- “Едіге батыр” жырын зерттегені үшін Ә. Марғұлан қудаланды;
- Оларды қорғағаны және жұмысқа алғаны үшін Төлеген Тәжібаев Қаз МУ Ректорлығынан кетті.





# “Ленинград” және “Звезда” журналдарының ісі (1946 ж)

- **А. Ахматова, М. Зощенко**  
шығармаларын айыптау  
**Қазақстанда жалғасын тапты.**
- М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов,  
С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев  
– “қазіргі тақырыпқа  
пьеса жазбайтындар”.
- А. Жұбанов –  
“феодалдық-  
байшылдық дәуірді  
асыра дәріптегені үшін  
деп айыпталды.



# Бекмаханов ісі

- Ермұхан Бекмаханов (1915 -1966);
- 1937 ж. Воронеж пединститутының тарих факультетін бітірген;
- 1943 ж. жарық көрген “Қазақ КСР тарихы” еңбегінің авторларының бірі (А.М.Панкратова, М. Вяткинмен бірге)
- 1947 ж. “ХІХ ғ.20-40 жж.Қазақстан” тақырыбында докторлық диссертация қорғап, монография жариялайды;
- 1947-1952 жж. қудалауға ұшырады;
- 1952 ж. 25 жылға сотталды;
- 1954 ж. ақталды;
- Онымен бірге Бекежан Сүлейменов те сотталды





- 1951 жылдың 20 сәуір Қазақстан жазушылары одағы жанындағы партия ұйымының ашық жиналысы
- «Правда» газетінің 1950 жылғы 26 желтоқсанда жарияланған «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген мақала және ҚК(б)П Орталық Комитетінің осы мақала жөніндегі қаулысы талқыланды.
- Басты міндет – Қазақстан компартиясының тарихын жазу;
- Тарихтың өткені тек таптық-партиялық әдістеме тұрғысынан жазылуы тиіс еді;

